Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 141

АУЛАНАТЫН ЖАНУАРЛАРДЫ ҚОРЕКТЕНДІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Елікбаев Е.Р.

Ауланатын жануарларды қоректендіру – биотехниялық шаралардың бірі болып табылады. Қорекпен қамтамасыз етуден бұрын біз сол жануарлар жөнінде толық мәлімет жинауымыз керек.

Яғни, классификациясын, биологиясын, генетикасын, эволюциясын, физиологиясын, оған қоса айналасындағы экологиясын біліп ескерту жөн. Осы барлық жағдайды ескере тұра, біз сонда ғана белгілі бір жануарды белгілі бір азықтармен қамтамасыз етуді білеміз. Екінші мәселе, жануарға берілетін азықтың толық құрамын білу. Яғни, азықтың құрамындағы химиялық, биологиялық физикалық заттарды білуіміз керек. Жалпы айтқанда, биотехникалық шараларды өткізу басқа пәндерді қамтиды.

Жануарларға қорек ұйымдастыру кезінде жыл мезгілі де қатаң ескеріледі. Мысалы, қыс мезгілінде жануарларға энергия жаз мезгілінен қарағанда өте көп мөлшерде қажет етіледі. Биотехнологиялық шара ұйымдастырғанда мен екі ұғымды енгіздім. Олар: азықтың жуықтық мөлшері және қажетсіз бейімделгіш деңгейі.

Жуықтық мөлшері дегеніміз - ауланатын жануарға берілетін азықтың мөлшері. Негізі, жалпы биотехниялық шара – жанарлар өмір үшін қолайлы жағдай, деп айтуға балады. Яғни, неғұрлым биотехниялақ шара деңгейі жоғары болса, соғұрлым жануарларға қолайлы жағдай деңгейі жоғары болады. Соның нәтижесінде табиғатта болып жатқан қолайсыз жағдайларға бейімделгіш дәрежесі төмендейді. Ал бұл жағдай жануар түрлердің қырылуына әсер ету мүмкін. Қысқаша айтқанда жануарларға азықты мөлшерсіз көп берсек, олардың табиғатта жойылуы мүмкін. Сондықтан осы пәнге “жуықтық мөлшері” ұғымы міндетті түрде қажет. Осыған байланысты теория: егер ауланатын жануарларға “жуықтық мөлшері” ұғымын ескермей, қоректендіру ұйымдастырылса, онда сол жануардың қоршаған ортаға бейімделу деңгейі төмендейді. Бұған дәлел ретінде итті алуға болады. Ғалымдардың айтуынша, иттер қасқырлардан шықты. Ал қазіргі иттер қасқырларға қарағанда әлсіз болып келеді. Өйткені иттің бейімделгіш дәрежесі қасқырмен салыстырғанда төмендеу болып келеді. Ал бұның себебі, қасқыр тұқымдасы (ит) қолға үйретілгендіктен, қасқырдан әлсіз болып келеді. Міне, осыған байланысты, егер қазіргі ауланатын жануарларды жуықтық мөлшерін ескермей азықтандыратын болсақ, онда олар эволюция нәтижесінде қоршаған ортаға бейімделу дәрежесі төмендеп, әлсіз болып немесе жойылып қалады.

Қажетсіз бейімделгіштік дегеніміз - антропогендік фактордың нәтижесінде пайда болатын құбылыс. Бұл ұғым бірінші ұғымның болмауы салдарынан қалыптасады.

Негізінде, бейімделгіштікті екіге бөлдім: 1)қолайлы жағдайға бейімделу. 2)қолайсыз жағдайға бейімделу. Қолайлы жағдайға бейімделу – антропегендік фактордың нәтижесінде пайда болады. Бұл бейімделу түрі тірі ағзаның әлсіреуіне немесе жойылуына әкеліп соғады.

Демек, қолайлы жағдайға бейімделу –қажетсіз бейімделгіштік болып табылады.

Осы құбылыстың пайда болуының себебі – ауланатын жануарларды қоректендіру ұйымдастыруында қоректің жуықтық мөлшерінің болмауы.